

**Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 38/2 "Теміртау қаласында көшпелі сауданы ұйымдастыру туралы" қаулысының күшін жою туралы**

Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 8/7 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес Теміртау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 38/2 "Теміртау қаласында көшпелі сауданы ұйымдастыру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3469 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 4 қарашадағы № 44 "Темиртауский рабочий" газетінде жарияланған) қаулының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Владимир Анатольевич Костюшинге жүктелсін.

*Қала әкімі*

*Ғ. Әшімов*